

« Табиғат ресурстары »


1-мәнімәтін (жеке)

*Ресурс дегеніміз* – адамға қажет деген нәрсенің барлығы. Француз тілінен аударсақ – нәрсе, қор және т.б. мағынаны білдіреді. Ресурстардың көптеген түрлері бар. Мысалға: жел, су, ауа, пайдалы қазбалар және т.б. Қазіргі адамдардың металсыз, отынсыз күн көруін ойлап көрсеңдер, көп нәрсені түсінесіңдер. Табиғат ресурстары табиғаттың ажырамас құрамдас бөлігі болып саналады және жер бетінде біркелкі таралмаған. Табиғи ресурстардың түрлеріне байланысты ресурспен қамтамасыз етілу әртүрлі бағаланады. Мысалы, сарқылатын және қалпына келмейтін минералды ресурстар үшін олардың қорларының қанша жылға жететіндігі анықталады.

1. Қалпына келмейтін ресурстарды көрсетіңіз:  
А) металл рудалары, жанатын пайдалы қазбалар  
В) күн энергиясы, жел, ауа, жауын-шашын  
С) топырақ, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі  
D) көмір, мұнай, климаттық ресурстар

**Жауабы:** А) металл рудалары, жанатын пайдалы қазбалар

2. Сызбаны пайдаланып, адамдардың өсімдіктер мен жануарлардың азаюына алып келетін іс-әрекетін, өсімдіктер мен жануарлардың адам үшін маңызын және осы биологиялық ресурстарды қорғау жолын ұсыныңыз.



---

---

---

---

---

---

**Жауабы:** өсімдіктер мен жануарлардың азаюына алып келетін адамдардың іс-әрекетіне ормандарды кесу, браконьерлік әрекет, өнеркәсіп орындары мен зауыт-фабрикалардың және ауыл шаруашылығының қалдық суларын су қоймаларына, өзен-көлдерге ағызу, атмосфераны улы газдармен ластау жатады. Өсімдіктер мен жануарлардың адам үшін маңызы таза ауа мен адам қажеттілігін өтейтін заттарды алады. Биологиялық ресурстарды қорғау жолдары: өнеркәсіп, зауыт және фабрикалардағы

түтін шығатын мұражайларға арнайы сүзгі қондырғылар орнату, заң негіздерін қарастыру, жойылып бара жатқан өсімдік және жануарлар түрлерін қорғауға алу және тиімді пайдалану керек.

3. Кестедегі мәліметті пайдаланып, ресурспен ( мұнай) *әр адамға=қор / халық саны* қамтамасыз етілуін есептеңіз.

Мемлекет	Халық саны	Қоры ( млрд т)	Әр адамға қаншадан
Қазақстан	19765004	7,0	

**Жауабы:** әр адамға 3,5т

## 2-мәнмәтін. (ұлттық)


Қазақстанда аса маңызды минералдық шикізат түрлерінің бәрі дерлік бар. Еліміздің жер қойнауынан Менделеев кестесіндегі 105 элементтің, оның 70-інің мол қоры барланған және 60-тан астамы өндіріледі. 6 мыңға жуық пайдалы қазбалар кен орындары ашылған. Қазіргі кезде республикамызда 20 көмір кен орны мен бірнеше көмір алаптары игерілуде. Мұнай өнеркәсібі отын өнеркәсібіндегі жетекші рөлді атқарады. Сонымен бірге негізгі стратегиялық шикізат көзі болып есептеледі. Мұнайды өңдемей қолдана алмайды. Одан 300 түрлі өнім алады.

1. Қазақстанның пайдалы қазбалары картасын қолданып, жанғыш пайдалы қазбалардың шоғырлану аймақтарын анықтап, әрқайсысына қатысты ірі 3 кен орнын жазыңыз.

(a) Көмір

(b) Мұнай

(c) Газ



**Жауабы:** (a) Көмір – Қарағанды, Екібастұз, Майкүбі

(b) Мұнай – Қашаған, Теңіз, Қарашығанақ

2. Сызбада мұнай кәсіпшілігі көрсетілген. Сызба бойынша мұнайды өңдеген кезде және өңдеу барысында түзілетін өнім түрлерін және қолдану саласын сипаттаңыз.

---



---



---



**Жауабы:** Мұнайды өңдеген кезде бензин, дизель майы, керосин және химиялық өнімдер алынады. Мұнайды өңдеу барысында түзілетін мазут электростанцияларында, металлургия пештерінде отын ретінде, оның соңғы қалдығы гудрон жол құрылысында пайдаланылады. Ал мұнайды өңдеу барысында пайда болған газ қалдықтары химиялық шикізат болып табылады. Оны өңдеу арқылы синтетикалық талшық, каучук, спирт, пластмасса, т.б. өнімдер алынады.

3. Қазақстанда мұнайды өңдеу зауыттары қай қалаларда орналасқан?

- A) Ақтау, Павлодар, Шымкент  
 B) Ақтау, Қарағанды, Шымкент  
 C) Алматы, Ақтөбе, Тараз  
 D) Павлодар, Семей, Ақтау

**Жауабы:** A) Ақтау, Павлодар, Шымкент

### 3-мәнмәтін. (ғаламдық)

Дүниежүзіндегі елдердің табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілу дәрежесі әрқелкі. Табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілу көрсеткіші алуан түрлі ресурстардың қор мөлшерінің арақатынасымен және оның пайдаланылу ауқымымен байланысты. Ресурстармен қамтамасыз етілу дәрежесі ел, облыс, аймақтар үшін және әр адам үшін жеке есептеледі. Олардың көрсеткіші пайызбен, көлем бірлігімен және әр адамға шаққандағы мөлшермен көрсетіледі. Белгілі бір аумаққа тән болып келетін табиғат ресурстарының жиынтығы сол аумақтың табиғи-ресурстық әлеуеті деп аталады.


1. Кестедегі мәліметтерді қолданып, ресурс әлеуеті ( таскөмір) қанша жылға жететінін есептеңіз. (қанша уақытқа жетеді = қоры / қолданылуы)

Елдің аты	Таскөмір қоры( млрд т)	Өндіру (млн т)	Ресурс әлеуеті қанша жылға жетеді?
АҚШ	445	1020	
Қытай	296	1240	
Ресей	202	250	
ОАР	116	220	
Аустралия	116	280	

**Жауабы:** АҚШ 436 ж., Қытай 239ж., Ресей 808 ж., ОАР 527 ж., Аустралия 414ж.

2. Кестедегі мәліметтерді пайдалана отырып, орман ауданы бойынша көшбасшы елдерді кескін картада белгілеңіз.

Елдер	Орман ауданы ( млн га)	Ормандылық ( ел ауданымен салыстырғанда, % )	Дүниежүзілік орман ауданындағы ел үлесі, ( %)
Дүниежүзі	4100	31,7	100
Ресей	766	45,4	18,5
Канада	494	53,6	11,9
Бразилия	488	57,8	11,8
АҚШ	296	32,3	6,9
Конго ДР	174	76,6	4,2



3. Кестедегі мәліметті пайдаланып, елдердің ресурспен ( темір кені) қамтамасыз етілуін есептеңіз. ( $P=Q/X$ ),  $p$ - ресурспен қамтамасыз етілуі,  $q$  - қорлары,  $x$ - халық саны.

Мемлекеттер	Темір кені қоры ,млрд т	Халқы, млн адам	Ресурспен қамтамасыз етілуі ( бір адамға т есебімен)
Ресей	100,0	146,0	
Венесуела	16,0	31,0	
Канада	35,0	36,2	
Иран	33,0	79,5	

**Жауабы:** Ресей 684т, Венесуела 516т, Канада 966т, Иран 415т.